

Бәйтерек ауданының мәслихатының "Бәйтерек ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің , оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 8-8 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы мәслихатының 2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 10-33 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 22 желтоқсанда № 7297-07 болып тіркелді

Бәйтерек ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Бәйтерек ауданының мәслихатының "Бәйтерек ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 8-8 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7254-07 тіркелген) келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Бәйтерек ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің , оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

7 - тармақтың 1) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"1) ауруын дәлелдейтін анықтамаға сәйкес емделудің амбулаторлық кезеңіндегі туберкулезбен ауыратын тұлғаларға табыстарын есепке алмай 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ай сайын;"

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

мәслихат төрағасы

Н. Хайруллин